

КЕ АҚ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіТарих факультеті
Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы

**«АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРҒА КІТАПХАНАЛЫҚ КЛАССИФИКАЦИЯЛАУДЫҢ
МЕТОДОЛОГИЯСЫ» ПӘНІ БОЙЫНША**

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

7М03206 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер білім берубағдарламасы

5 кредит

Алматы, 2023

Емтихан бағдарламасын «7М03206 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер» мамандығының жұмыс оқу жоспары және білім беру бағдарламасы пәндерінің каталогы негізінде п.ғ.к., қау.проф.м.а. Г.И.Нұржанова құрастырды.

Бағдарлама дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының мәжілісінде бекітілді.
Хаттама № __ «__»__2023 ж.
Кафедра меңгерушісі _____ Р.С. Мырзабекова

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды
«__»_____2023 ж., хаттама № ____

Ғалым хатшы _____ Н.А. Тасилова

ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Қорытынды бақылау жүргізу нысаны – Ауызша Ауызша
емтихан: дәстүрлі-сұрақтарғажауаптар Сұрақтар Univer
жүйесіне енгізіледі Емтихан форматы-офлайн.

Курс: Магистратура – 1 курс

Бейнежазбаның болуы – бар

Магистратура білім алушылары үшін (пәнді жүргізетін оқытушықабылдайды).

Емтихан өткізуді бақылау:

- емтиханның бейнежазбасы жүргізеді, Ұзақтығы:

Дайындық уақыты- 7-10 минут

Билеттің барлық сұрақтарына жауап беру үшін 15-20 минут ұсынылады.

Өткізу регламенті

1. Емтихан магистрантар мен оқытушыларға алдын ала белгілі болуы тиіскесте бойынша өткізіледі.

Бұл кафедралар мен факультеттердің жауапкершілігі.

2. Емтихан кестесі белгілі болған кезде, Univer жүйесіне "пән бойыншақорытынды емтихан" ... құжатын PDF форматында орналастырылады. Емтихан сұрақтарын жариялауға тыйым салынады.

Тек қорытынды емтихан бағдарламасы жазылады.

*Емтихан басталар алдында кез келген платформада емтихан билеттерін жариялауға және білім алушыларға жіберуге тыйымсалынады.

ТҮСІНІКТЕМЕ ЖАЗБА

«Ақпараттық ресурстарға кітапханалық классификациялаудың методологиясы» пәні 7М0320 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасы бойынша маманданатын магистранттарға арналған.

Пәннің мақсаты автоматтандырылған технологияларды қолдана отырып ақпараттық ресурстардың құрамын, құрылымын, даму заңдылықтарын және пайдалануын, оларды көпшілік кітапханалар қорларын қалыптастыруда, каталогтар мен картотекаларды ұйымдастыруда пайдалануды меңгеру, сонымен қатар кітапханалық классификациялау, электронды кітапханаларды қолдануға арналған білімін қалыптастыру.

Пәнді меңгеру нәтижесінде магистрант қабілетті болады:

- Кітапханаларды ақпараттандырудың негізгі тәсілдерін, автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйелер ментараптарын меңгеру.
- Ақпараттық ресурстармен қызмет көрсету жүйесін жасау мен қолданудың принциптерін және олардың даму тұжырымдамаларын айқындау.
- ҚР барлық кітапханаларының жұмыс тәжірибесіне жаңа компьютерлік технологияларды ендірудегі даму деңгейін жұмыс жасай алу

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Ақпараттық қажеттіліктер. Ақпараттық қажеттіліктердің мәні Ақпараттық қажеттіліктердің түрлері Қоғамды ақпараттандырудағы ақпараттық техниканың дамуы Ақпараттық қажеттіліктерді зерттеу әдістері Ақпараттық қажеттіліктерді жүйелендіру негіздері.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кітапханаларда ақпараттық ресурстарды пайдалану мен қалыптастырудың ерекшеліктері. Кітапханалық классификациялаудың әдістемелері. Электронды ресурстар. Электронды кітапханалар. Электронды каталогты ұйымдастыру.

Электронды каталогтарды алыстан пайдалануға беру. Толық жазба құжаттармен желі арқылы пайдалануға мүмкіндік. Виртуалды көрмелерді құрастыру, әр түрлі фактографиялық және фактологиялық анықтамалықтар т.б.

Қазіргі ортада ақпараттық қажеттіліктің өзгеруі және нарықтық қарым- қатынаста дамуы. Ақпараттық қажеттіліктің өзгеруі және әр түрлі даму көзқарасы. Ақпарат тұтынушы әр түрлі топтардың ақпараттық қажеттілік динамикасының дамуы.

Анықтамалық-библиографиялық қор Электронды каталогтың мәлімет базасын қалыптастыру. Ақпараттық-ізденіс жүйелері: оларды шешудің алгоритмдері мен міндеттері. Мәлімет базалар мен банктер.

Құжаттық

Фактографиялық

Фактологиялық

Құжаттық ақпарат Қазақстандағы ең көп таралған ақпараттың түрі.

Құжаттық қор кітапхананың ақпараттық ортасының бір бөлігі болыптабылады

- Ағымдық және ретроспективтік ақпараттар-оперативтік есеп шығару үшін және қызметтеріне күнде керекті ақпараттық ағымдар;
- Кең және нақты көлемдегі тақырыптық ақпараттар-мамандық мәселелері мен танысып тұру үшін тақырыптық ақпараттар керек;
- Білім салалық ақпараттарға қажеттілік;
- Кітапханада және ақпараттық органдарда ақпараттық қажеттілікті оқыпүйренудің маңызы.
- Ақпараттық қажеттіліктің ғылыми және арнаулы зерттеу әдістері.
- Жалпы ғылыми әдістер: статистикалық әдіс, анкета тарату, интервьюалу, бақылау, өзін-өзі бақылау, эксперимент қою т.б.
-

Электронды кітапханалардың ақпараттық ресурстары және кітапханалық классификациялау. ҚР кітапханалардың мәлімет базалары. Кітапханадағы ресурстарды қалыптастыру және пайдалану. Қазақстан Республикасы кітапханалардың ресурстары.

Ақпараттық қажеттіліктерді қанағаттандырудың заманауи әдістері. Электронды каталогпен жұмыс. Интернет ресурстарды кітапханалық тәжірибеде қолдану. Электронды кітапханалардың ақпараттық ресурстары Мәлімет базаның құрылымы. РАБИС, КАБИС, ИРБИС бағдарламасының модульдерімен жұмыс.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының ақпаратты пайдаланушыларға көп салалы және республикаға қатысты комплекстік мәселелері бойынша ақпаратпен қатамасыз етілуі. Жаңа ақпараттық технологияны қолдана отырып оқырмандардың жалпы білім жөніндегі сауалдарды орындау мәселелері жайында библиографиялық жұмыс жүргізу.

Ақпараттық ресурстарды насихаттау әдісі мен құрылымы. Ақпараттық органдар мен кітапхана байлығын жергілікті орындарда насихаттау міндеті. Кітапханада және ақпарат органдарында ақпараттық ресурстар сақталу мәселелері. Ақпараттық ресурстарды сақтауда жаңа ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану. Құжаттардың санақталуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. Каталогизация и классификация Электронные каталоги и автоматизированные библиотечные системы. Учебные пособия /Сукиасян Э.Р. : Либерея, 2020.-256с.
2. Ақпараттандыру туралы: Қазақстан Республикасы Заңы. 2007 ж. 11 қантар.// ҚР Парламентінің жаршысы.- 2017.-№2.-120 б.
3. Ақшал М.А. Кітапхананың библиографиялық қызметі: оқу құралы/ М.А. Ақшал. - Алматы: «Нұрлы Әлем» басп., 2019.-120 б.
4. Досумбекова А.Г. Ақпараттық мәдениет: Оқу құралы./А.Г. Досумбекова,Р.Б. Айтиева, Г.И. Нұржанова.- Алматы, 2003ж.
4. Бекова С.М. Ақпараттық мәдениет негіздері: Оқу құралы/С.М.Бекова,Р.И.Якупова, Г.Н.Тастанбекова.-Алматы:Бастау баспасы.-2017.-232
5. Столяров Ю.Н. Документный ресурс : учеб. пособие для студ. высш.учеб. заведений / Ю.Н. Столяров. М. : Либерея, 2018. - 152 с.

Қосымша:

6. Абгарян А. Комплектование делает ставку на глобальную сеть.// Библиотека.-2017, №12.- с. 26
7. Захаров А. Электронные документы: способы и формы предоставления // Библиотека. 2018. - № 11. - С. 29-31.
8. Земсков А.И. Электронные библиотеки как элемент информационного общества // Науч. и техн. б-ки. 2017. - № 6. - С. 5-15.
9. Степанов В.К. Электронные библиотеки и полнотекстовые базы данных в Интернете // Библиотековедение. 2019. - № 2. - С. 45-53.
10. Сукиасян Э.Р. Электронные каталоги // Библиотека. 2017.- № 3. –С.31- 33.

**«Ақпараттық ресурстарға кітапханалық класификациялаудың методологиясы» пәні бойынша
қорытынды емтиханды бағалау рубрикаторы
АУЫЗША ОФЛАЙН/ ОНЛАЙН**

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттана рлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90-100 % (27-30 балл)	70-89 % (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	90-100 % (27-30 балл)
1-сұрақ Курстың теориясы мен тұжырымда масын білу және түсіну 30 балл	Сұрақтарға қажет жерде мысалдар келтіре отырып толық жауаптар берілген; Жауаптар сауатты ғылыми тілде баяндалған, барлық терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған және дұрыс ашылған.	Сұрақтарға тұтастай дұрыс жауаптар берілді, бірақ принципті емес жеке дәлсіздіктер жіберілген. Курстың барлық бірдей терминдері дұрыс қолданылмайды, жеке қате мәлімдемелер және презентацияда грамматикалық / стилистикалық қателіктері бар. Жауаптар мысалдармен дұрыс көрсетілмеген.	Сұрақтарға жауаптар үзік-үзік түрде, дұрыс тұжырымдар мен қате тұжырымдар аралас. Тақырыпты толық ашу үшін курстың қажетті мазмұндық блоктары қамтылмайды. Магистрант жалпы оқу курсының тақырыбына назар аударады, бірақ нақты мәселелерді ашуда қиындықтарға тап болады.	Жауаптар сұрақтардың мазмұнына сәйкес келмейді. Оқу курсы үшін сұрақтардағы негізгі ұғымдар қате түсіндіріледі.	Сұрақтарға жауаптар жоқ; студент оқу материалының көп немесе маңызды бөлігін білмейді немесе түсінбейді. Қорытынды бақылау жүргізу ережелері бұзылған жағдайда.
2-сұрақ Курстың теориясы мен тұжырымда масын білу және түсіну тандалған әдістеме мен технологияны нақты қолданбалы тапсырмала рға қолдану 30 балл	Курстың технологиясы мен методологиясы білім алушыларды даярлау бағытының ерекшелігін ескере отырып, терең мағынада қолданылады; ғылыми ұғымдар қойылған тапсырмаға еркін қолданылады, содан кейін негізгі проблеманы логикалық және дәлелді түрде ашады;	Курстың әдіснамасы мен студенттің алған білімі әлсіз интеграцияланған және емтихан билетінде ұсынылған нақты практикалық тапсырмаларды шешуге бейімделген. Білім алушы жауаптары әлсіз құрылымдалған, жауапта маңызды емес нақты қателер бар, оларды өздігінен түзете алады;	Курстың құралдары үстірт қолданылады, мазмұны аз, жауапта нақты емес, презентация логикасы бұзылған, ұсынылған материалдың мағынасы жоқ, пәнаралық байланыстар туралы түсінік жоқ.	Пәннің маңызды бөлігін дұрыс қолданбайды, студент өз бетінше түзете алмайтын елеулі нақты қателіктер жібереді, емтихан мазмұны бойынша қосымша сұрақтардың көпшілігіне білім алушыға жауап беру қиынға соғады немесе дұрыс жауап бермейді.	Тапсырманы шешу және курсты түсіндіру үшін білімді қолдана алмау; жауап беру кезінде (бір сұраққа) 3-4-тен астам өрескел қателіктер жібереді, оны тіпті мұғалімнің көмегімен түзете алмайды; материалды толық игермеген. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

3-сұрақ Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, нәтижені негіздеу 40 балл	Белгілі бір тақырып бойынша әдістер мен технологияларды интеграциялау, негіздеу және талдау, жауапты құрылымдау, емтихан билеті мәселесі бойынша қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің, бағыттардың 5 ережесін талдау қабілетінің болуы, жауаптар мысалдармен және көрнекі материалдармен, оның ішінде білім алушының өз тәжірибесінен суреттеледі; диалог жүргізу және ғылыми пікірталасқа түсу қабілетін көрсетеді.	Курстың әдістері мен технологияларын қолдануды интеграциялау және талдау, білімді жаңғырту кезінде елеусіз қателіктер жібере отырып, ғылыми ұғымдарды қолдану арқылы өз ойларын бекіту үшін көрнекі материалдарды қолдану; емтихан билеті сұрақтары бойынша қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің, бағыттардың 3-4 ережелерін талдау.	Курстың заңдылықтары мен принциптерінің үстіртін негіздемесі, оқу бағдарламасын а сәйкес материалдың негізгі көлемін және жетекші сұрақтардың талабымен әлсіз қолдану; оны өз бетінше орындауда қиындықтар туындауы.	Курстың әдістері мен технологияларын қолданудың негізділігі мен талдауының болмауы, репродуктивті сипаттағы сұрақтарға жауап беру кезінде қиындықтың көрінісі.	Мысалдар келтірген кезде курс әдістерін қолдану қабілетінің болмауы; Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
---	---	---	---	---	---